



Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқармасы
Медициналық орталығының
«Санитариялық-эпидемиологиялық
сараптама орталығы» ШЖҚ РМК
директорының 2024 жылғы
«20» маусымдағы №91 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) мәлімделген аккредиттеу саласына сәйкес тұратын орта объектілерінің санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасын жасау саласында маңызды функцияны атқарады, сынақ нәтижелерінің Қазақстан Республикасында танылуына кепілдік береді.

Кәсіпорын қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының даму тұжырымдамасын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады, бұл озық технологиялар мен зертханалық техниканы сынақтан өткізуге және енгізуге, олардың трансфертін жүргізуге, зертханалық қызметтерге тапсырыс берушілердің деңгейін арттыруға, ақпараттандыруды, өндірістік процестердің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге, Медициналық орталықтың бірыңғай брендімен Кәсіпорынның танымалдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның сапа саласындағы негізгі принциптері:

- Тапсырыс берушіге сенімді нәтижелер алуды қамтамасыз ететін сынақтар жүргізуге кепілдік беру;
- зертханалық қызметтер нарығындағы бәсекеге қабілеттілік;
- тұтынушының сеніміне қол жеткізу, оның тұтынушылық сапа, өнім қауіпсіздігі және тіршілік ету ортасы тұрғысынан мүдделерін қорғау;
- сынақтар саласында көрсетілетін қызметтердің сапасын үнемі арттырып отыру;
- қызмет саласын жақсарту және кеңейту.
- тұрақты кәсіби тәжірибені пайдалану және сынақтарды жоғары сапада жүргізу;
- өткізілетін сынақтардың сапасы үшін персоналдың жауапкершілігін арттыру;
- ақпараттың құпиялылығы;
- бейтараптықты қамтамасыз ету.

Сапа саласындағы Саясатқа қол жеткізу құралы – MEMCT ISO/IEC 17025-2019 талаптарына жауап беретін менеджмент жүйесі, оны үнемі жетілдіру және жұмыс істеу тиімділігін арттыру болып табылады.

Кәсіпорынның жоғары басшылығы Сапа саясатын іске асыру үшін міндеттемелер мен жауапкершілікті өзіне алады және барлық қызметкерлер алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге тартылатын атмосфера қалыптастырады.

Қызметкерлердің әрқайсысының жауапты және кәсіби қарым-қатынасы –ұжымның үйлесімді жұмысының және Кәсіпорынның беделін сақтайтын ең негізгі шарт болып табылады.

ҚҰЖАТТЫҢ СОҢЫ